

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

18 қаңтар 2024 жыл

KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша биржалық нарық жұмысының нәтижелерін ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2023 жылғы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылы 410,7 трлн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 57,0 % немесе 149,1 трлн теңгеге өсті.
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 28,8 %-ға 4 187,38 тармаққа дейін ұлғайды.
- Акциялар нарығының капиталдандырылуы бір жылда 26,4 %-ға 26,7 трлн теңгеге дейін өсті.
- KASE-де саудаланатын корпоративтік қарыз көлемі 6,5 %-ға 13,5 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2023 жылы листинг процедурасынан 36 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары өтті: екеуі акциялар секторында, бесеуі KASE Global секторында, 28 корпоративтік облигациялар секторында және біреуі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар секторында.
- 2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 237 эмитенттің 656 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.
- 2024 жылдың 01 қаңтарында Орталық депозитарийде омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын 693 мың жеке шоттар, жеке тұлғалар және ұстаушылардың 1,7 млн брокерлік шоттары болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 161 мың жаңа жеке қосалқы шотты тіркеді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығының капиталдандырылуы жыл басынан бері 26,4 % немесе 5,6 трлн теңгеге өсіп, 26,7 трлн теңгені (59,0 млрд USD) құрады.

2023 жылдың соңында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 84 эмитенттің 99 атауының акциялары болды.

2023 жылы Биржаның ресми тізіміне екі эмитенттің ("ALTYN SAMRUK QAZAQSTAN" АҚ, "РЕСПУБЛИКА" ҚАРЖЫ ХОЛДИНГ" АҚ) үш атауының акциялары енгізілді.

2023 жылы Биржаның сауда-саттық тізімінен 18 атаудағы акциялар алынып тасталды, оның ішінде төртінші тоқсанда Биржаның ресми тізімінен үш атаудағы акциялар: "Amanat" сақтандыру компаниясы" АҚ, "First Heartland Securities" АҚ жай акциялары олардың эмитентінің бастамасымен және "CHINATOWN" АҚ жай акциялары заңды тұлға ретінде таратылуына байланысты алынып тасталды.

2023 жылы акциялар сауда-саттығының көлемі 2022 жылға қарағанда 8,5 %-ға немесе 26,3 млрд теңгеге 333,6 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1 356,0 млн. теңгені (қайталама нарықта – 1 224,0 млн. теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 3 261 (қайталама нарықта – 3 109 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 415,8 мың теңгені (қайталама нарықта – 393,7 мың теңге) құрады.

Бастапқы нарық көлемі 32,5 млрд теңгеге бағаланып, 2022 жылға қарағанда 76,5 %-ға немесе 106,0 млрд теңгеге төмендеді. 2023 жылы акциялар секторында мынадай орналастырулар өтті:

2023 жылдың қаңтар айында "AMF Group" АҚ 144,9 млн теңге сомаға 561 678 акциясын орналастырды.

2023 жылдың қазан айында жазылу аясында "Phystech II" АҚ 13,7 млрд теңгеге 13 650 000 акция орналастырды.

Қазан-қараша айларында "KEGOC" АҚ-ның SPO өтті, оның аясында KASE сауда-саттық жүйесінде компания 18,7 млрд теңге тартты, бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4 %-ын құрады.

"KEGOC" АҚ-ның KZ1C00000959 (KEGC) жай акцияларына KASE-де жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 28,8 млрд теңгеге 37 445 өтініш келіп түсті. KASE ұсынысына сұраныс 127 %-ды құрады. KASE-де жиынтық көлемі 18,7 млрд теңге болатын 37 444 өтінім қанағаттандырылды. Осылайша KASE-де сұраныстың жалпы көлемінің 64,9 % қанағаттандырылды. Бұл ретте жеке тұлғалар берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, заңды тұлғалардың өтінімдері ішінара қанағаттандырылды және институционалдық инвестордың бір өтінімі қанағаттандырылмады. Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың шоттарына 12,6 млрд теңге сомасына (KASE-ге орналастыру көлемінің 67,6 %) бағалы қағаздар түсті, институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі 4,4 млрд теңгені (23,4 %), заңды тұлғалар – 1,7 млрд теңгені (9,0 %) құрады.

KASE-де 2023 жылдың 28 қыркүйек пен 27 қазан аралығында өткен "KEGOC" АҚ-ның жұмыс істеп тұрған акционерлері үшін басым сатып алу құқығы шеңберінде 3,9 млн теңге көлеміндегі акцияларды сату жүзеге асырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке тұлғалардың үлесі 39,3 %, банктердің үлесі – 4,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 3,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 6,1 %, өзге де заңды тұлғалардың үлесі – 47,2 % құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 0,4 % бағаланады.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 78,3 % немесе 132,2 млрд теңгеге ұлғайып, 301,1 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде акциялардың брутто-айналымының 42,9 % үлесіне тиесілі жеке тұлғалар неғұрлым белсенді болып табылады. Банктердің қатысуы 4,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың қатысуы – 9,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың қатысуы – 6,5 % бағаланады, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 36,4 % тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы акциялардың брутто-айналымынан 29,8 %-ға бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2023 жылдың басынан бері KASE Индексі 28,8 %-ға өсіп, 4 187,38 тармаққа жетті. 2023 жылдың 05 желтоқсанында KASE Индексі тарихи максимумды қайта жаңартып, 4 251,24 құрады. Минималды мән 16 наурызда тіркелді – 3 243,13 тармақ.

2023 жылдың бірінші тоқсанында KASE Индексі тұрақты түрде 3 243,13-3 382,79 тармақтар аралығында болды. Екінші тоқсаннан бастап қазақстандық нарықтың тұрақты өсімі байқалды. Жыл қорытындысы бойынша KASE Индексінің Өкілеттік тізімінің барлық акциялары оң динамиканы көрсетті. Қаржытех секторының және энергетикалық сектордың, атап айтқанда "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ және Kaspi.kz АҚ акциялары неғұрлым жоғары өсімді көрсетті. KASE Индексі акцияларының өсуінің негізгі факторлары қаржылық есептерді жариялау, дивидендтік төлемдер, сондай-ақ әлемдік нарықтарда шикізат құнының өсуі болып табылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларын KASE Индексінің Өкілеттік тізіміне енгізуді ескере отырып, индекстік акциялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 229,0 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2022 жылға қарағанда 2,9 есеге артты.

KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі *, млн теңге		
		01.01.24	01.01.23	Δ, %	2023 жыл	2022 жыл	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	977,06	640,00	+52,7 %	6 387,0	12 350,8	-5 963,8
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 460,00	12 874,00	+43,4 %	9 393,9	4 428,7	+4 965,2
Kaspi.kz АҚ	KSPI	45 600,00	33 196,50	+37,4 %	4 259,2	3 646,3	+612,9

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	163,60	126,47	+29,4 %	14 082,3	11 810,7	+2 271,6
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	11 541,00	9 430,00	+22,4 %	156 544,2	23 172,1	+133 372,1
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	34 500,00	28 362,32	+21,6 %	8 173,7	2 547,3	+5 626,3
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	865,00	734,00	+17,8 %	11 038,5	3 567,3	+7 471,3
"Kcell АҚ	KCEL	1 954,98	1 725,00	+13,3 %	13 880,8	17 199,5	-3 318,7
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 482,00	1 620,02	-8,5 %	5 247,3	1 118,0	+4 129,3

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

"Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары бір жылда бағасы 52,7 %-ға өсті. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша таза пайда 103,6 млрд теңгені құрады. Бұл ретте, Банктің 2022 қаржы жылындағы жылдық таза пайдасы жеті еседен астам өсті – 20,6 млрд теңгеден 145,1 млрд теңгеге дейін өсті. Банктің меншікті капиталы 2023 жылдың тоғыз айында бөлінбеген пайданың 44,7 %-ға өсуі есебінен 273,9 млрд теңгеден 381,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды. S&P Global Ratings шілде айында Банктің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін В+ -тен ВВ- дейін "Тұрақты" болжамымен көтерді, Moody's Investors Service Банктің рейтингін Вa2-ден Вa3-ке дейін көтерді және "Позитивті" болжамын сақтап қалды. Банк таза пайданы дивидендтер төлеуге жібермеді.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның жай акциялары 2023 жылы 43,4 %-ға өсіп, тек "Банк ЦентрКредит" АҚ акцияларына ғана жол берді. Өсудің негізгі факторы әлемдік тауар нарықтарындағы шикізат бағасы болды, олар 2023 жыл ішінде логистика мен үлесіне отын ураны өндірісінің әлемдік көлемінің 4,7 %-ы тиесілі Нигердегі саяси дағдарысқа байланысты жеткізілімдер тізбегінің бұзылуы аясында айтарлықтай өсуді көрсетті. Қазатомөнеркәсіптің жылдық таза пайдасы 2021 жылғы 220 млрд теңгеден 2022 жылғы 473,0 млрд теңгеге дейін 2 есе артты. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Компанияның таза пайдасы 138,9 млрд теңгеден 78,6 млрд теңгеге дейін төмендеді. 25 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 200,9 млрд теңге немесе бір акцияға 774,88 теңге көлемінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Moody's Investors Service Компанияның рейтингін Вaa2 деңгейінде растап, болжамын "Тұрақты"-дан "Позитивті"-ге өзгертті.

2023 жылы **Kaspi.kz АҚ-ның** жай акциялары 37,4 %-ға өсті. Топтың таза пайдасы 2022 жылы 35,3 %-ға – 435,2 млрд теңгеден 588,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың тоғыз айында таза пайда 400,6 млрд теңгеден 600,8 млрд теңгеге дейін 50 %-ға өсті. 2023 жылдың 10 сәуірінде акционерлер 2022 жыл үшін Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтерді акцияға 600 теңге мөлшерінде төлеуді бекітті. 2023 жылдың 24 мамырында акционерлер жай акциялар бойынша дивидендтерді 2023 жылдың бірінші тоқсанына бір акция үшін 750 теңге көлемінде төлеу туралы шешім қабылдады. 23 тамызда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2023 жылдың екінші тоқсанына бір акцияға 750 теңге көлемінде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 20 қарашада Компания акционерлері 2023 жылдың үшінші тоқсанына бір акцияға 850 теңге көлемінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

«Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ-ның жай акциялары жыл қорытындысы бойынша 29,4 %-ға өсті. Банктің таза пайдасы 2021 жылғы 462,4 млрд теңгеден 2022 жылғы 553,8 млрд теңгеге дейін өсті. Акцияның пайдасы 30,16 теңгеден 50,84 теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың 25 мамырында 2022 жылғы қызмет қорытындылары бойынша Банк дивидендтерді төлеуге 276,9 млрд теңге немесе акцияға 25,38 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Банктің таза пайдасы 410,9 млрд теңгеден 537,3 млрд теңгеге дейін өсті.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акциялары 2023 жылы тұрақты өсім көрсетті. 2023 жылдың басынан бері акциялар 22,4 %-ға өсіп, 11 541,00 теңгеге жетті, бұл ретте IPO бағасынан өсім 37,3 % құрады. Компанияның таза пайдасы 2022 жылғы 1 286,5 млрд теңгеден 1 317,3 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың тоғыз айында таза пайда 1 161,3 млрд теңгеден 949,0 млрд теңгеге дейін төмендеді. Төмендеу сатып алушылармен келісім-шарттар бойынша түсімнің 10 %-дан 6 087,4 млрд теңгеге дейін қысқаруы, бірлескен кәсіпорындардағы пайда үлесінің 27,4 %-ға 565,2 млрд теңгеге дейін төмендеуі есебінен болды. 2023 жылдың 19 мамырында Компанияның Директорлар кеңесі бір жай акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2022 жылға дивидендтер төлеуге 300 млрд теңге бағыттауды ұсынды. 2023 жылдың 22 маусымында Fitch Ratings Компанияның рейтингін ВВВ деңгейіне көтерді, болжам "тұрақты". 2023 жылдың 13 желтоқсанында Moody's Компанияның ұзақ мерзімді рейтингін Вaa2 деңгейінде растап, болжамын "тұрақты"-дан "позитивті"-ге көтерді. S&P Global Ratings Компанияның "ВВ+" деңгейіндегі рейтингін де растап, болжамды "тұрақты" деп қайта қарады.

"Қазақтелеком" АҚ-ның жай акциялары бағасы 21,6 %-ға өсті. Топтың шоғырландырылған таза пайдасы 2022 жылы 32 %-ға 97,4 млрд теңгеден 128,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың тоғыз айында таза пайда өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 88,7 млрд теңгеге дейін өсті. 27 қазанда акционерлердің жалпы жиналысы 2022 жыл үшін дивидендтерді төлеуге 33,4 млрд теңге немесе бір қарапайым акцияға 3 038,36 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

2023 жылы **"ҚазТрансОйл" АҚ** акцияларының бағасы 17,8 %-ға өсті. Шоғырландырылған жылдық таза пайда 2022 жылы 50,6 млрд теңгеден 19,8 млрд теңгеге дейін төмендеді. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өзіндік құн шығындарының 173,2 млрд теңгеден 219,4 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, сондай-ақ негізгі құралдардың шығуы мен құнсыздануынан 0,3 млрд теңгеден 12,9 млрд теңгеге дейін шығыстардың өсуі есебінен таза пайда 25,2 млрд теңгеден 33,3 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың 24 мамырында акционерлердің жалпы жиналысы дивидендтерді төлеуге 15,0 млрд теңге немесе бір жай акцияға 39,00 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Fitch Ratings Компанияның рейтингін "BBB-"-тен "BBB"-ке дейін "Тұрақты" болжамымен көтерді.

"Кселл" АҚ акциялары қорытындылары бойынша 13,3 %-ға 1 954,98 теңгеге дейін өсті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның таза пайдасы 24,1 %-ға 40,4 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте, 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша таза пайда 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,6 млрд теңгеге дейін төмендеді. Компания 2022 жылы компанияның таза пайдасын белмеуге және жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеуге шешім қабылдады.

2023 жылы **"KEGOC" АҚ-ның** жай акциялары 8,5 %-ға төмендегенін көрсетті. Бұл ретте бағаның негізгі төмендеуі SPO өткізілгенге дейін болды. SPO аясында бағалы қағаздарды орналастыру бағасы 1 482 теңгені құрады. SPO өткізілгеннен кейін акция 1 475-1 560 теңге аралығында саудаланды. 2022 жылы жарияланған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Компанияның таза пайдасының 2021 жылғы 52,6 млрд теңгеден 26,7 млрд теңгеге дейін төмендеуін көрсетті. 2023 жылдың тоғыз айындағы қаржылық есеп берушілік таза пайданың бір жыл бұрынғы 20,6 млрд теңгеден 39 %-ға 28,6 млрд теңгеге дейін ұлғайғанын көрсетті. "KEGOC" АҚ 2022 жылдың екінші жартыжылдығында бір акцияға 50,59 теңге көлемінде жай акциялар бойынша дивидендтер төледі. Бұл ретте, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 50,59 теңге көлеміндегі акцияға дивидендтерді төлеуді ескере отырып, 2022 жылы төленген дивидендтердің жиынтық мөлшері 30,2 млрд теңгені немесе бір жай акцияға 65,44 теңгені құрады. 2023 жылдың 26 қыркүйегінде акционерлер акцияға 77,74 теңге көлемінде 2023 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың желтоқсанының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің акцияларының 45 атауы мен 11 ETF болды. 2023 жылы KASE Global секторына Bitcoin Strategy ETF және Global X Robotics & Artificial Intelligence ETF ProShares енгізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 36,5 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 41,7 % немесе 10,8 млрд теңгеге артты. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 148,6 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 246, бір мәміленің орташа көлемі – 603,3 мың теңгені құрады.

"KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны 2023 жылы мынадай акциялармен жасалды:

- Tesla (TSLA_KZ) – жалпы сомасы 1 610,4 млн теңгеге 6 714 мәміле
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 220,7 млн теңгеге 6 017 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 1 108,9 млн теңгеге 5 135 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 36,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 0,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 26,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 37,8 % тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,6 % құрайды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік қарыз көлемі 2023 жылы 6,5 %-ға немесе 944,2 млрд теңгеге 13,5 трлн теңгеге (29,7 млрд USD) дейін төмендеді.

2023 жылдың желтоқсанының аяғында KASE ресми тізімінде 106 эмитенттің 412 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. 2023 жылы KASE ресми тізіміне 59 эмитенттің (29 жаңа эмитент) 126 шығарылымының облигациялары енгізілді, оның ішінде төртінші тоқсанда – 37 эмитенттің (20 жаңа эмитент) 54 шығарылымының облигациялары. 2023 жылы KASE ресми тізімінен 35 эмитенттің

корпоративтік облигацияларының 58 шығарылымы, оның ішінде төртінші тоқсанда 17 эмитенттің 18 шығарылымы алынып тасталды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2023 жылы 180 базистік тармаққа жылдық 14,46 %-ға дейін өсті.

KASE-дегі корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 2022 жылға қарағанда 12,1 %-ға немесе 301,5 млрд теңгеге 2,2 трлн теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 8,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 180 мәміле (қайталама нарықта – 166 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 49,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 16,2 млн теңге) құрады.

2023 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 1 522,4 млрд теңгеге 40 эмитенттің 79 шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 2,0 %-ға немесе 30,2 млрд теңгеге жоғары. 2023 жылдың төртінші тоқсанында жалпы сомасы 213,6 млрд теңгеге 22 эмитенттің 24 шығарылымының корпоративтік облигациялары орналастырылды, бұл үшінші тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 62,3 %-ға төмендеді:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 13,86-14,79 % және өтеуге дейінгі мерзімі 0,8 жылдан екі жылға дейінгі екі облигациялар шығарылымын орналастыра отырып, 60,2 млрд теңге тартты;
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 29,80 % және өтеуге дейінгі мерзімі 9,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 9,3 млрд теңге тартты;
- "TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) МҚҰ ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 22,00 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 8,4 млрд теңге тартты;
- "Алтын Сапа ALM" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 25,00 % және өтеуге дейінгі мерзімі 1,9 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 4,6 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнҚазҚаржы Микроқаржы ұйымы" ЖШС өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық жылдық 21,00 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 4,5 млрд теңге тартты;
- "Ел Орда Арнау" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 25,00 % және өтеуге дейінгі мерзімі 1,9 жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 3,2 млрд теңге тартты;
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС жылдық 21,50 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастырып, 3,0 млрд теңге тартты;
- "KazWind Energy" ("КазВинд Энерджи") ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,75 % бес жылдық "жасыл" облигацияларды орналастырып, 3,0 млрд теңге тартты;
- "Black Biotechnology (Блэк Биотехнолоджи)" ЖШС өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 21,50 % үш жылдық "жасыл" облигацияларды орналастырып, 1,5 млрд теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" (Бірінші Ломбард) ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 24,00 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 1,4 млрд теңге тартты;
- "Лизинг Групп" АҚ жылдық 9,90 % және өтеу мерзімі 0,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, \$1,0 млн (459,7 млн теңге) тартты;
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 25,00 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастырып, 366,5 млн теңге тартты;
- "Orbis Leasing" ЖШС жылдық 20,00 %-бен және өтеу мерзіміне дейінгі облигацияларды орналастырып, 230,1 млн теңге тартты;
- "ТССП Групп" ЖШС жылдық 20,00 % және өтеу мерзіміне дейінгі облигацияларды орналастырып, 51,2 млн теңге тартты;
- "ALTYN SAMRUK QAZAQSTAN" АҚ жылдық 9,00 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастырып, \$80,0 мың (36,6 млн теңге) тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 17,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдар үлесі – 1,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 22,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 54,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 4,3 % құрайды. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 8,3 %-ды құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылға қатысты 33,3 %-ға немесе 331,8 млрд теңгеге 664,9 млрд теңгеге дейін азайды.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі – 12,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 6,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 13,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 57,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 10,9 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 21,5 %-ды құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыз сомасы 23,9 трлн теңгені (52,6 млрд USD) құрап, 2023 жылы 10,7 %-ға немесе 2,3 трлн теңгеге артты.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 8,0 трлн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 33,5 %-ға немесе 2,0 трлн теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 32,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 11,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 22 (қайталама нарықта – 16), бір мәміленің орташа көлемі – 1,5 млрд теңгені (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 0,7 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 26,3 %-ға немесе 1 090,2 млрд теңгеге өсіп, 5 235,8 млрд теңгеге жетті. Оның 139,6 млрд теңгесін 15 облыс, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі 0,5-16,0 жылға дейінгі мерзіммен 36 шығарылымды (10 жаңа шығарылым және 26 шығарылым ірілендірілді) орналастырып, жылдық орташа кірістілігі 11,50-17,78 % құрайтын 5 096,3 млрд теңгені тартты.

Бұл ретте 2023 жылдың төртінші тоқсанында орналастыру көлемі 339,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде 54,0 млрд теңгені 11 облыс әкімдіктері, 286,0 млрд теңгені Қаржы министрлігі тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемелер өтеу мерзімі 1,3-12,7 жыл болатын 15 шығарылымды орналастыру шеңберінде жылдық 11,70-14,00 % аралығында қалыптасты.

2023 жылы бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 48,8 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 1,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 40,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 8,9 % тиесілі, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %-дан кем болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 49,4 %-ға немесе 918,5 млрд теңгеге өсіп, 2 777,2 млрд теңгеге жетті. Ұлттық Банктің ноталармен сауда-саттық үлесі қайталама нарықта сауда-саттықтың жалпы көлемінің 48,8 % немесе 1 354,8 млрд теңгені құрады, МЕКАМ үлесі – 46,9 % немесе 1 303,8 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі – 0,3 % немесе 8,5 млрд теңге, қалған 4,0 % немесе 110,1 млрд теңге шет мемлекеттердің МБҚ-мен мәмілелерге тиесілі.

Төртінші тоқсанда қайталама нарықтағы МБҚ сауда-саттық көлемі 713,9 млрд теңгені құрады, бұл ретте Ұлттық Банктің қайталама нарықтағы ноталарымен сауда-саттық үлесі – сауда-саттықтың жалпы көлемінен 66,0 % немесе 471,4 млрд теңге, МЕКАМ үлесі – 31,5 % немесе 224,7 млрд теңге, еурооблигациялар үлесі – 0,5 % немесе 3,3 млрд теңге, қалған 2,0 % немесе 14,5 млрд теңге шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі.

2023 жылы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта банктердің үлесіне 42,4 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 4,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 7,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 45,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,1 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 8,6 % бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2023 жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімінде бес халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 60 шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 27 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) төрт шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылы ресми тізімге 25 облигация шығарылымы енгізілген: Еуразиялық даму банкінің 15 шығарылымы, Еуропалық қайта құру банкінің 4 шығарылымы, Азия даму банкінің 3 шығарылымы, IFC екі шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылы ресми тізімнен 5 облигация шығарылымы алынып тасталды: Азия даму банкінің бір шығарылымы және Еуразиялық даму банкінің төрт шығарылымы айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты.

2023 жылы сауда-саттық көлемі 337,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,7 есе немесе 210,1 млрд теңгеге жоғары. Өткен жылмен салыстырғанда мәмілелер саны 31,0 %-ға артып, 473 мәмілеге жетті.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында 2023 жылы жалпы сомасы 280,2 млрд теңгеге 5 халықаралық қаржы ұйымының 13 шығарылымы орналастырылды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 3,2 есе немесе 193,7 млрд теңгеге жоғары. Төртінші тоқсанда жалпы сомасы 117,8 млрд теңгеге үш халықаралық қаржы ұйымының алты шығарылымы орналастырылды, бұл үшінші тоқсаннан 4,7 есе жоғары:

- Еуразиялық даму банкі:
 - жылдық кірістілігі 16,20 % және өтеу мерзімі 28 күнге дейінгі дисконттық облигацияларды орналастыра отырып, 9,9 млрд теңге;
 - жылдық 5,72 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастыра отырып, \$10,1 млн (4,7 млрд теңге);
 - жылдық 14,20 %-бен және өтеу мерзімі 3,5 жылға дейін облигацияларды орналастыра отырып, 50,0 млрд теңге;
- Еуропа қайта құру және даму банкі жылдық 13,60 %-бен екі жылдық облигацияларды орналастырып, 40,0 млрд теңге тартты;
- Халықаралық қаржы корпорациясы жылдық 13,65 %-бен және жылдық 13,90 %-бен және өтеу мерзімі 4,9 және 2,6 жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 13,2 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылы бастапқы нарықта банктердің үлесі 56,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 4,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 20,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 18,0 % және жеке тұлғалардың үлесі – 0,2 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 56,9 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 40,5 %-ға немесе 16,4 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылы банктердің үлесіне 2,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 8,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 22,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 62,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 3,6 % тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 21,7 % бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылдың 01 қаңтарында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 18 құралы және алты ETF болды.

2023 жылы сауда-саттық көлемі 14,3 млрд теңгені құрап, 2022 жылға қарағанда 61,3 %-ға немесе 5,4 млрд теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 41,0 % – жеке тұлғаларға, 15,6 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 7,3 % – басқа институционалдық инвесторларға, 36,1 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 8,3 % құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2023 жылы сауда-саттық көлемі 1,8 млрд теңгені құрап, 2022 жылға қарағанда 90,0 %-ға немесе 16,6 млрд теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 33,8 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 10,3 % – басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына, 15,7 % – өзге заңды тұлғаларға, 40,3 % – жеке тұлғалардың үлесіне тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-ды құрады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын 693 мың жеке шот, жеке тұлғалар және ұстаушылардың 1,7 млн брокерлік шоттары болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 161 мың жаңа жеке шоттарды тіркеді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2023 жылы KASE-дегі шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 35 мүшесі қатысты. Сауда-саттық көлемі 29,7 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы сәйкес көрсеткіштен 42,9 %-ға немесе 8,9 трлн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 120,8 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 605, бір мәміленің орташа көлемі – 199,5 млн теңгені құрады.

2023 жылдың 06 наурызынан бастап валюта нарығында АҚШ доллары-қытай юані және еуро-қытай юані жұптарымен сауда-саттық басталды. 2023 жылғы наурыз-желтоқсан айларында АҚШ доллары-қытай юані жұбымен қытай валютасымен есеп айырысумен 2,9 млрд АҚШ доллары (1,3 трлн теңге) көлемінде 828 мәміле жасалды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша шетел валютасымен сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі АҚШ доллары-қытай юані жұбымен сауда-саттық үлесі 4,4 %-ды құрады.

2023 жылы шетел валютасымен сауда-саттықтың жалпы көлемінде АҚШ доллары-Қазақстан теңгесі валюта жұбымен сауда-саттық үлесі 62,7 %-ға дейін төмендеді, 2022 жылы осы валюта жұбымен сауда-саттық үлесі 75,7 %-ды құрады. Бұл ретте еуро-АҚШ доллары валюта жұбымен сауда-саттық үлесі өсті және жыл қорытындысы бойынша 23,1 % құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтіріледі (жақшада көрсеткіштің өткен жылдың ұқсас кезеңіне өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының KZT-ге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Кезең соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	40 812,9 (+26,3 %)	62,7 % (-9,1 %)	106 919 (+34 057)	426,85-486,00	454,69 (-1,7 %)
RUB/KZT	403 342,6 (+36,0 %)	7,1 % (-3,2 %)	30 872 (+22 498)	4,4256-6,8900	5,0644 (-20,2 %)
CNY/KZT	4 444,9 (-47,9 %)	1,0 % (-1,9 %)	1 869 (-306)	61,0800-68,9800	63,9540 (-3,1 %)
EUR/KZT	999,5 (x2,5)	1,7 % (+0,8 %)	4 354 (+3 079)	456,51-513,54	504,00 (+2,3 %)
EUR/USD	13 887,7 (x2,2)	23,1 % (+8,9 %)	4 078 (+3 027)	1,0454-1,1255	1,1120 (+4,7 %)
USD/CNY	2 872,5 (-)	4,4 % (-)	828 (-)	6,8510-7,3580	7,1124 (+2,8 %)
EUR/CNY	0,1 (-)	<0,1 % (-)	1 (-)	7,8265	7,8265 (-)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 370,1 трлн теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 59,6 %-ға немесе 138,2 трлн теңгеге артты.

ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және ақша нарығының мөлшерлемелерінің төмендеуінен кейін мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған мәнді білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюта свопы операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні жылдық 17,85 %-дан жылдық 15,19 %-ға дейін 266 б.т. төмендеді.

Репо операциялары нарығы

2023 жылғы репо операцияларының жиынтық көлемі 306,6 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 103,9 трлн теңгеге немесе 51,3 %-ға артық. Операциялардың орташа күндік көлемі 1 246,3 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 1 185, бір мәміленің орташа көлемі – 1 051,6 млн теңгені құрады. Repo операцияларының құрылымында 78,9 %-ы МБҚ-

мен, 21,1 %-ы МеБҚ-мен авторепо операциялары, 0,02 %-ы МеБҚ-мен тікелей репо, 0,002 %-ы МБҚ-мен тікелей репо операциялары болды. КҚС-мен 1,5 млрд теңгеге 21 авторепо мәмілесі жасалып, өткен жылғы көрсеткіштен 5,1 млн теңгеге асып түсті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы жылдық 17,63 %-дан 16,19 %-ға дейін 144 б.т., TRION индикаторының мәні – жылдық 17,56 %-дан 16,19 %-ға дейін 137 б.т., TWINA индикаторының мәні - жылдық 17,04 %-дан 15,50 %-ға дейін 154 б.т. төмендеді.

Валюталық своптың операциялары

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2,2 есеге немесе 34,3 трлн теңгеге ұлғайып, 2022 жылғы 29,2 трлн теңгеден 63,5 трлн теңгеге жетті. 2022 жылы операциялардың орташа күндік көлемі 258,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 28, бір мәміленің орташа көлемі – 9,2 млрд теңгені құрады.

Валюталық своптың құрылымында 62 831,9 млрд теңге немесе своптармен сауда-саттық көлемінің 99,0 % USDKZT своптарына тиесілі болды; 658,5 млрд теңге немесе 1,0 %, – RUBKZT-ге; 2,3 млрд теңге немесе 0,1 % -дан кем – EURKZT-ге тиесілі.

Валюта жұбы	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	25 144,7	54 682,2	39,6 %
	USDKZT_0_002	37 234,2	81 509,7	58,6 %
	USDKZT_0_01W	226,5	497,0	0,4 %
	USDKZT_0_01M	101,0	220,2	0,2 %
	USDKZT_0_03M	124,2	275,0	0,2 %
	USDKZT_1_001	1,3	2,7	<0,1 %
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,2	0,5	<0,1 %
	EURKZT_1_001	2,0	4,1	<0,1 %
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	43,6	8 589,5	0,1 %
	RUBKZT_0_002	615,0	113 800,0	1,0 %

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі 2023 жыл ішінде жылдық 18,62 %-дан жылдық 9,60 %-ға дейін 901 б.т. едәуір төмендеді. SWAP-2D (USD) екі күндік валюта свопының кірістілігі жылдық 18,68 %-дан жылдық 11,98 %-ға дейін 670 б.т. азайды.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына жеткізілімсіз фьючерстер, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамы, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның жай акциялары және KASE Индексі саудаға қолжетімді.

KASE Индексінің фьючерстері бойынша KASE маркет-мейкер міндетін "NGDEM Finance" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстер бойынша – "Halyk Finance" АҚ орындайды.

2023 жылы 29,4 млрд теңге сомаға Ресей рублінің теңгеге бағамына 15 келісім жасалды. 2023 жылғы деривативтермен сауда-саттық көлемі 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 3,7 есе асып түсті. 2023 жылы мәмілелер саны өткен жылмен салыстырғанда үш есеге артты. Басқа базалық активтерге (АҚШ доллары, KASE Индексі, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары) мәмілелер жасалған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және

отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE клиринг орталығы" АҚ Биржаның еншілес ұйымы – "eTrade.kz" ЖШС-ін қайта ұйымдастыру жолымен құрылды және 2022 жылдың 21 маусымында тіркелді. Клиринг орталығы Биржаның 2024 жылға дейінгі даму стратегиясының "Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде орталық контрагентті дамыту" бағытына сәйкес құрылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.